

СТ 190

Ceresit



МИНЕРАЛМАҚТА ЖӘНЕ КӨБІКПОЛИСТИРОЛ ТАҚТАЛАРҒА АРНАЛҒАН СЫЛАҚ-ЖЕЛІМ ҚОСПАСЫ

Қасбеттерді сыртқы жылу оқшаулау жүйелерін монтаждау кезінде минералмақта және көбікполистирол тақталарды бекітуге және оларда арматуралағыш қорғаушы қабатты дайындауға арналған сылақ-желім қоспасы

ҚАСИЕТТЕРІ

- минералдық негіздерге, минералмақта және көбікполистирол тақталарына жоғары жабысулығы бар;
- құрамында арматуралағыш микроталшықтары бар;
- эластификатталған;
- бу өткізбейді;
- аязға төзімді;
- атмосфераға төзімді;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.



ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 190 қоспасы жаңа құрылыста және ескі ғимараттарды термореновациялау кезінде Ceresit WM (минералмақта) қасбеттерді сыртқы жылу оқшаулау жүйелерін жасау кезінде минералмақта тақталарды минерал негіздерде бекітуге және оларда шыны тормен арматураланған қорғаушы қабатты дайындауға арналған. Ceresit VWS (көбікполистирол) қасбеттерді сыртқы жылу оқшаулау жүйелерін жасау кезінде көбікполистирол тақталарды бекіту үшін СТ 83, СТ 84, СТ 180 немесе СТ 85 материалдарын, ал оларда арматуралағыш қорғаушы қабатты дайындау үшін - СТ 85 немесе СТ 190 қоспасын қолдану керек.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Минерал мақта тақталарын бекіткен кезде:

Негіз ҚНЖЕ 3.03.01-87 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіз жеткілікті берік, ластанулардан және жабысулықты төмендететін заттардан (майлардан, жағармайлардан, битумдық мастикалардан, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негіздің шашылатын және осал учаскелерін жою қажет. Кірпіш қалаулардың және минерал сылақтардың «жасы» ≥ 28 күн, бетонның – ≥ 3 ай болуға тиіс.

Үлкен жарықтарды және шұңқырларды СТ 29 жөндеу сылағымен жылытқышты бекіткенге дейін кем дегенде 2 тәулік қалғанда толтыру керек.

Ластануларды, бу өткізбейтін және қатпарланатын сырлау жабындарын қысымдағы су ағыншасымен толығымен жою керек.

Саңырауқұлақпен, балдырлармен немесе мүкпен зақымдалған беттің учаскелерін металл шөткелермен тазартып СТ 99 фунгицидтік құралымен өңдеу керек.



Ескі кірпіш қалауларды, сылақтарды, бу өткізгіш сырлау жабындарын шаңнан тазартып, қысымдағы су ағыншасымен жуып толығымен кептіру керек.

Қатты сіңіргіш негіздерді, мысалы, газ-бетон немесе силикат блоктардан жасалған қалауларды СТ 17 астарымен екі рет өңдеп кем дегенде 4 сағат ішінде толығымен кептіру керек.

Қорғаушы қабатты дайындаған кезде:

Минералмақта тақталардың бетін шөткемен шаңнан және бос минерал талшықтардан жақсылап тазарту қажет.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығарып, суға аздап құяды. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәттен бастап 2 сағат ішінде жұмсалуды тиіс.

Минералмақта тақталарды бекіту:

Минералмақта тақталардың бетін жартылай үккіштің жылтыр жағын ауытқулары 3-тен 15 мм-ге дейін құрайтын болса, СТ 190 ерітінді қоспасының жұқа қабатымен алдын ала астарлау керек.

СТ 190 желім қоспасын негіздің тегістігіне байланысты минералмақта тақталардың монтаждау бетіне түрлі тәсілмен жағады.

Егер негіз бетінің екі метрлік төрткілдептен тексерген кезде шекті ауытқулары 3-тен 15 мм-ге дейін құрайтын болса, СТ 190 ерітінді қоспасын тақтаның шетінен 2-3 см шегініспен ені 3-4 см жолақпен тақтаның контуры бойынша кельманың көмегімен немесе тақтаның ортасындағы шамшырақтармен жағады (диаметрі 8-10 см 5-8 дақ). Желім қабатының қалыңдығы шамамен 20 мм болуы тиіс.

Henkel

Качество для Профессионалов

Егер негіз бетінің шекті ауытқулары ≤ 3 мм болса, сондай-ақ талшықтарының бағдарлауы көлденең минералмақта тақталар жағдайында ("ламелла" деп аталатын), СТ 180 ерітінді қоспасын тістерінің өлшемі 10-12 мм болат тісті жартылай үккіштің көмегімен тақтаның бүкіл бетіне (шеттерден 2-3 см-ге шегініспен) жағады. Бірден қоспаны жаққаннан кейін тақтаны қабырғаға басады және ұзын үккішпен соғып қысады. Ерітінді қоспасын дұрыс жаққан кезде (тақтаны қысып басқаннан кейін) жабысу ауданы монтаждау беті ауданының $\geq 40\%$ құруға тиіс. Тақталарды тігістердің Т-тәрізді байлаумен бір жазықтықта бір біріне тығыздап бекіту керек. Тақталар арасындағы саңылау 2 мм-ден аспауға тиіс. Тақталар арасындағы одан да ірі саңылауларды минералмақта тақтаның кесінділерімен тығыз толтыру қажет.

Жылуоқшаулағыш тақталарды қасбеттік дюбельдермен қосымша бекітуге және қорғаушы арматураланған қабатты дайындауға тақталарды желімдеп жабыстырғаннан кейін 3 тәулік өткенде кірісуге болады. Қасбет бетінің 1 м²-не дюбельдер саны есептеу арқылы анықталады.

Қорғаушы қабатты орнату:

СТ 190 ерітінді қоспасын жылтыр болат жартылай үккіштің көмегімен минералмақта тақталарының бетіне қалыңдығы 2-3 мм тегіс қабатпен үлестіреді. Содан кейін желімді қабатты тістерінің өлшемі 6 мм болат тісті жартылай үккішпен тегістейді. Тісті жартылай үккішті пайдалану СТ 190 ерітінді қоспасының шығысын және қабатының қалыңдығын бақылауға мүмкіндік береді.

СТ 190 жаңа қабатына сілтіге төзімді шыны талшықтан жасалған қасбеттік торды төсейді (талшықтарды кем дегенде 10 см айқастырумен) және оны ерітінді қоспасына батырады. Қажет болған кезде, қалыңдығы 3 мм дейін СТ 190 екінші қабатын жағады. СТ 190 бетін тор қорғаушы қабаттың ортасында болатындай тегістейді және жалтыратады. Шыны тормен арматураланған қорғаушы қабаттың жиынтық қалыңдығы кем дегенде 4,5 мм болуға тиіс.

СТ 16 астарын, сәндік сылақтарды, сілтіге төзімді бояуларды - (мысалы, СТ 54 силикат бояуын) жағуға қорғаушы қабатты жасаудан кейін 3 тәуліктен ерте емес кірісуге болады.

Ерітінді қоспасының жаңа қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендеріг - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін.

Сыртқы жұмыстарды орындаған кезде тікелей күн сәулелерінің, - желдің және жауынның әсерінде болатын қасбет учаскелеріне сылақты жағудан бас тарту керек. Осы мақсатта құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен немесе үлдірмен жабу, ал ғимаратта су ағыстарын орнату ұсынылады.

Жаңа жағылған қорғаушы қабатты 3 тәулік ішінде судың тікелей - түсуінен және құрғап кетуден сақтандыру керек.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күюін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет.

Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу және құрылыстағы - қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Ceresit VW (минералмақта) ғимараттардың қасбеттерін жылу оқшаулау жүйелерін жобалауды және монтаждауды СТО 58239148-001-2006 ұйым стандартына сәйкес орындау керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделеді.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМА

СТ 190 құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 190 құрамы:	минералдық толтырғыштары, полимерлік түрлендіргіштері және арматуралайтын микроталшықтары бар цемент
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,3 кг/дм ³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~ 1,35 кг/дм ³
Бекіту судың көлемі:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 5,75 - 6,25 л
Ашық уақыты:	~ 20 минут
Тұтыну уақыты:	~ 1 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Қысымдауға беріктігі:	≥ 10 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	$\geq 0,8$ МПа
Минералмақта тақтаға жабысқақтық:	$\geq 0,05$ МПа (минералмақта тақта бойынша үзілу)
Аязға төзімділігі:	≥ 100 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70 °C-қа дейін
СТ 190 шығыны: тақталарды бекіткен кезде	5,0 кг/м ² бастап (қабырғаның тегістігіне байланысты)
қорғаушы арматуралағыш қабатты дайындаған кезде	~ 5,8 кг/м ²